

**ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ  
ҒЫЛЫМ ЖӘНЕ ЖОҒАРЫ БІЛІМ МИНИСТРЛІГІ  
МАНАШ ҚОЗЫБАЕВ АТЫНДАҒЫ  
СОЛТҮСТІК ҚАЗАҚСТАН УНИВЕРСИТЕТІ**

## **АҚПАРАТТЫҚ ХАТ**

**МАНАШ ҚАБАШҰЛЫ ҚОЗЫБАЕВТЫҢ  
95 ЖЫЛДЫҒЫНА АРНАЛҒАН  
«ҚОЗЫБАЕВ ОҚУЛАРЫ - 2026: БОЛАШАҚ ЭКОЖҮЙЕСІ,  
ТЕХНОЛОГИЯЛАР МЕН АДАМ КАПИТАЛЫН ДАМЫТУДЫҢ  
СИНЕРГИЯСЫ» АТТЫ ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ҒЫЛЫМИ-ПРАКТИКАЛЫҚ  
КОНФЕРЕНЦИЯСЫ**



### ***Құрметті қатысушылар!***

**Манаш Қозыбаев атындағы Солтүстік Қазақстан университеті сіздерді студенттер мен жас ғалымдардың «Қозыбаев оқулары-2026: Болашақ экожүйесі, технологиялар мен адам капиталын дамытудың синергиясы» атты Халықаралық ғылыми – практикалық конференциясына қатысуға шақырады.**

**Өтетін күні: 2026 жылғы 10 сәуір.**



**Конференцияның мақсаты:**

Академик Манаш Қозыбаевтың тарихи мұрасын және оның қоғамның цифрлық трансформациясы жағдайындағы маңызын жан-жақты талқылау үшін, сондай-ақ жаратылыстану және педагогикалық ғылымдар, инженерия және жасанды интеллект, агроөнеркәсіптік кешен, қоғамдық процестер мен медицинаны пәнаралық талдау саласындағы озық зерттеулерді біріктіру үшін халықаралық ғылыми-практикалық алаң құру.

Конференция ғылыми ынтымақтастықты нығайтуға, адами капиталды дамытуға, жастардың зерттеу бастамасын қолдауға және заманауи жаһандық сын-қатерлерге жауап ретінде тұрақты инновациялық шешімдерді қалыптастыруға бағытталған.

**Конференцияның жұмыс тілдері: қазақ, орыс, ағылшын.**

Конференцияға қатысу үшін өтінім, баяндама мәтінін (қоса берілген талаптарға сәйкес рәсімделген) жоғарыда көрсетілген электрондық мекенжайларға ұсыну қажет. Конференцияға қатысу үшін төлем алынбайды (тегін). Баяндамалар 2026 жылғы 05 сәуірге дейін электронды түрде ұсынылуы тиіс.

Конференция материалдары конференция аяқталғаннан кейін оның қорытындысы бойынша жарияланатын болады. Ұсынылатын материалдың сапасына авторлар жауапты болады. Мәтін түпнұсқа болып табылады және редакциялауға жатпайды.

Хабарлама немесе баяндама мәтіні А4 форматында, кемінде 3 беттен және 5 беттен аспауы тиіс, Word редакторында, шрифт өлшемі 12 (әдебиеттер тізімі үшін шрифт өлшемі 10), интервалы 1.0, азат жолы 1,25; «Times New Roman» шрифті, беттің ені бойынша туралау, барлық жағынан 25 мм өрістер УДК және FTAMP, аннотация үш тілде (қазақ, орыс және ағылшын тілінде) аннотация шрифтінің өлшемі 10.

Конференция материалдарының жинағы тікелей көшіру әдісімен теріледі. Осыған байланысты жоғарыда аталған барлық талаптарды сақтай отырып, ғылыми мақалаларды мұқият редакцияланған түрде ұсыну қажеттілігіне назар аударамыз.

Жарияланатын материалдардың сапасын қамтамасыз ету және авторлық құқықтарды сақтау мақсатында келіп түскен барлық мақалалар антиплагиатқа тексеруден өтеді. Ұсынылған мақаланың өзіндік ерекшелігі кем дегенде 70% болуы керек.


Көрсетілген мерзімнен кейін ұсынылған, талаптарға сәйкес ресімделмеген материалдар немесе мәтіннің бірегейлігін (басып шығарылмайтын таңбалар, олқылықтар және т.б.) асыра бағалау әдістері анықталған жағдайда, мақалалар қаралмайды және авторларға қайтарылмайды.

Конференция жұмысы күндізгі, сырттай және қашықтықтан жүргізілетін болады. Конференция қорытындысы бойынша РФДИ базасына кіретін конференция материалдарының жинағында ғылыми мақалалар жариялау жоспарлануда.



## Конференция жұмысы келесі бағыттар бойынша жоспарланған:

| №   | Бағыттар   | Жауапты                          | E-mail                  | Телефон                                    |
|-----|--|----------------------------------|-------------------------|--|
| 1.  | Академик Манаш Қозыбаевтың тарихи мұрасы және цифрландыру дәуіріндегі тарих ғылымы                   | Ильясова Гаухар Сапарбековна     | gsilyasova@ku.edu.kz    | +7 (7152) 49-32-02,<br>(қосымша 11-39)     |
| 2.  | Математикалық және жаратылыстану ғылымдарының дамуының теориялық және қолданбалы аспектілері         | Бектемирова Асель Амангельдыевна | aabektemirova@ku.edu.kz | +7 7152 49-32-02<br>(қосымша 10-36)        |
| 3.  | Қазіргі әлемдегі педагогикалық ғылымдар: сын-қатерлер, трендтер, перспективалар                      | Айсина Нургуль Бауржановна       | nbajsina@ku.edu.kz      | +7 7152 49-40-42<br>(қосымша 20-73)        |
| 4.  | Жасанды интеллект дәуіріндегі жастардың инженерлік ойы   | Шапорева Анна Васильевна         | ashaporeva@ku.edu.kz    | +7 7152 49-32-02<br>(қосымша 11-92)        |
| 5.  | Инженерлік практикадағы технологиялық инновациялар   | Шапорева Анна Васильевна         | ashaporeva@ku.edu.kz    | +7 7152 49-32-02<br>(қосымша 11-92)        |
| 6.  | АӨК: тұрақты даму және жаһандық сын-қатерлер   | Савенкова Инна Витальевна        | inna.vital@mail.ru      | +7 7152 49-32-02<br>(қосымша 11-90)        |
| 7.  | Жаһандық трансформация жағдайындағы қоғам дамуының құқықтық және әлеуметтік-экономикалық аспектілері | Хамзина Асель Сеильбековна       | ashamzina@ku.edu.kz     | +7 7152 49-31-77<br>(қосымша 12-99)        |
| 8.  | Медицинадағы инновациялар және өзекті мәселелер  | Терре Елена Геннадьевна          | egterre@ku.edu.kz       | +7 778 219-14-33<br>(қосымша 30-04)        |
| 9.  | Жаһандық контекстегі тілдік білім және филологиялық зерттеулер                                       | Смаилова Канат Кемаловна         | kksmailova@ku.edu.kz    | +7 (7152) 463491,<br>(қосымша 10-90)       |
| 10. | Жаһандық академиялық әріптестік жағдайында ғылымды, технологияны және білім беруді интеграциялау     | Әшім Мадина Суюнушевна           | msashim@ku.edu.kz       | +7 (7152) 49-32-33,<br>(қосымша 1190-3024) |



## Жұмысқа қатысуға өтінім

«Қозыбаев оқулары - 2026: болашақ экожүйесі, технологиялар мен адам капиталын дамытудың синергиясы» халықаралық ғылыми-практикалық конференциясына қатысу үшін өтінім

Тегі \_\_\_\_\_ Аты \_\_\_\_\_ Әкесінің аты \_\_\_\_\_

Ұйым, лауазымы \_\_\_\_\_

(каф.оқытушысы ..., топ студенті ...)

Ғылыми дәрежесі, атағы \_\_\_\_\_

Мекен-жайы (толық) \_\_\_\_\_

Автордың телефоны (үй, қызм.) \_\_\_\_\_

Автордың электрондық мекен-жайы \_\_\_\_\_

Баяндама тақырыбы \_\_\_\_\_

Секция (нөмірі мен атауын көрсету) \_\_\_\_\_

Күні \_\_\_\_\_ Қолы \_\_\_\_\_

## Мақаланы рәсімдеу үлгісі

ҒТАМР 20.02.23

ӘОЖ 691.33

### БІЛІМДІ БАҚЫЛАУДЫҢ РЕЙТИНГІЛІК ЖҮЙЕСІН ЖЕТІЛДІРУ МӘСЕЛЕСІ ЖӨНІНДЕ (мақаланың түпнұсқа тіліндегі тақырып)

Абилева<sup>1</sup> Б. Т., Сыздықова<sup>2</sup> Д. С.

<sup>1</sup>М. Қозыбаев атындағы Солтүстік Қазақстан университеті

<sup>2</sup>Ш. Уәлиханов атындағы Көкшетау университеті

*Аңдатпа / Аннотация / Annotation:*: 100-200 сөзден тұруы керек. Ол мақаланың атауын қайталамауы керек, мақалаға сілтемелер мен пайдаланылған әдебиеттер тізімі кірістірілмейді. Онда оның ерекшеліктерін көрсететін және мақаланың құрылымын сақтайтын мақаланың қысқаша мазмұны ұсынылуы керек.

*Түйін сөздер / Ключевые слова / Keywords:* кем дегенде 5 сөз және 10 сөзден немесе сөз тіркестерінен артық емес мақаланың негізгі мазмұнын көрсетуі керек; зерттеудің пәндік саласын анықтау қажет. Кілт сөздер бір-бірінен үтірмен ажыратылады.

**Мақаланың негізгі** мәтінінде кіріспе (зерттеудің өзектілігін, міндеттері мен мақсаттарын сипаттай отырып), әдеби шолу (кейбір жағдайларда кіріспеде көрсетілуі мүмкін), әдістеме (эмпирикалық зерттеу жағдайында), нәтижелер мен талқылау, қорытынды мен шешімдер, дереккөздер тізімі болуы керек.

#### Әдебиет

1. Байтенов М. С. Сирек кездесетін өсімдіктер әлемінде. Алматы: «Қайнар» баспасы, 1985.
2. Вилков В.С., Гайдин С.Г., Губин С.В., Зубан И.А., Красников А.В. 2011 жылдың көктемінде Солтүстік Қазақстан облысындағы ансериформды құстардың мониторинг нәтижелері// «Тәуелсіз Қазақстан және академик М. Қозыбаевтың ғылыми мұрасы» халықаралық ғылыми-практикалық конференция материалдары. – Петропавл, 2011. –54-59 б.
3. Баекенова М.К. және Қазақстан экономикасының аграрлық секторының экологиялық мәселелері //Қоршаған ортаны қорғау саласындағы ғылыми-қолданбалы зерттеулер. – Алматы, 2006. – 59-67 б.